

Міндетті түрде қолданылатын саясат
Ішкі пайдалану үшін
Қазан 2017 ж.



НЕСТЛЕ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

Міндетті түрде қолданылатын саясат
Ішкі пайдалану үшін
Қазан 2017 ж.

Авторы/бөлімше

Заң бөлімі

Мақсатты аудитория

Барлық қызметкерлер мен қызмет көрсету шарты бойынша жұмыс істейтін персонал

Бекітілді:

Атқарушы комитет (Executive Board), Nestle S.A.

Құжаттар архиві

Nestle қағидаттары мен саясаттары туралы барлық құжаттама, стандарттар мен нұсқаулықтар Nest желісіндегі NestleDocs каталогында қол жетімді.

Авторлық құқықтар және құпиялылық

Осы құжаттың мазмұны қайта жаңғыртылмауы, тиісті уәкілеттік болмаса, үшінші тараптарға таратылмауы және ашып көрсетілмеуі тиіс. Барлық құқықтар Нестек Лтд тиесілі, Вевер, Швейцария.

Дизайн

Nestec Ltd., Corporate Identity & Design, Вевер, Швейцария

Кіріспе

Нестле құндылықтары: өзіне және өзге адамдарға деген құрметке, соның ішінде жеке тұлғалардың жеке ақпараттарына деген құрметке негізденеді. Жеке деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету мақсаты Nestle Corporate Business Principles – Компанияның корпоративтік бизнес қағидаттарына әсер етеді. Осындай мақсат шеңберінде барлығымыз Nestle компаниясында жеке ақпаратты пайдалану жөніндегі үрдістеріміздің арқасында сенімді ақтап, мүдделі тұлғалардың өзгермелі болжалдарын ақтай отырып, сандық технологиялар әлемінде табысқа жетуге тырысамыз.

Саясатымыздың мақсаты:

- Нестле компаниясындағы әр адамның өз жауапкершілігін түсініп, жеке деректермен жұмыс жасау және оларды қорғау кезінде Нестле компаниясының мақсаттарына жетуге көмектесуін қамтамасыз ету;
- жеке деректермен жұмыс жасау және оларды қорғау кезінде мақсаттарға жетуге ұмтыла отырып, Нестле компаниясындағылардың барлығы мыналарға ниет етеді:
 - қолданыстағы заңнаманың барлық талаптары мен нұсқамаларын сақтау;
 - ең кемінде, бүкіл Нестле компаниялары тобындағы жеке деректерді қорғау жөніндегі Нестле Стандартын қолдану;
 - жеке деректерді пайдалану бойынша үрдістерімізді жетілдіру үшін алдымызға жаңа мақсаттар қою; сондай-ақ
 - жеке деректермен жұмыс жасау кезіндегі жауапкершілік туралы барлық қызметкерлерге, қызмет көрсету шарттары бойынша жұмыс істейтін персоналға және Нестле компаниясы үшін Деректерді өңдейтін үшінші тұлғаларға хабарлауды оларға стандарттарды хабарлау, үйрету және тиімді байланыс жасау арқылы қамтамасыз ету.

Осы Саясат Нестле өңдейтін барлық Жеке деректерге (Қызметкерлердің, жеке тұлғалар мен отбасыларының, клиенттер мен өнім берушілердің/мердігерлердің жеке деректерін қоса) қолданылады. Сондай-ақ ол Жеке деректерді қорғау жөніндегі стандартта баяндалған тәртіпке сәйкес қосымша қорғау шаралары талап етілетін, Нестле өңдейтін Құпия Жеке деректерге қолданылады.

Осы Саясатта баяндалған Қағидаттарды сақтау Нестле компаниясының барлық қызметкерлері мен қызмет көрсету шарты бойынша жұмыс жасайтын персонал үшін міндетті болып табылады.

Нестле компаниясының жеке деректерді қорғау жөніндегі қағидаттары

Жеке деректерге жасалатын кез келген өңдеу заңнаманың талаптары мен нұсқамаларына және Нестле компаниясының ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Нестле компаниясының жеке деректер мен деректерді қорғау үрдістерімен жұмыс жасау тәртібіне сенім білдіруді қалыптастыру және оны сақтау үшін Нестле келесі қағидаттарды қолданады:

- **"Жобаланатын құпиялылық" қағидаты.** Нестле өзінің іскерлік операцияларының бастапқы кезеңінде-ақ жеке деректерге құпиялылық қағидатының қатаң қолданылуын қамтамасыз етуі тиіс.

- **Айрықша мақсаттар үшін өңдеу.** Жеке деректер нақты, айқын көрсетілген және заңды мақсаттар үшін ғана және/немесе жергілікті нормативтік немесе заң талаптарын сақтау үшін Өңделетін болады. Ол жаңа келісім берілген немесе Өңдеу үшін басқа заң негіздері болған жағдайларды қоспағанда, басқа мақсаттар үшін пайдаланылмайтын болады.

- **Заңды түрде, әділ әрі айқын Өңдеу.**

Жеке деректер заңды түрде және әділ негізде Өңделетін болады. Нестле Жеке деректерді қажетті шамадан шықпастан, белгілі бір мақсат үшін талап етілетін көлемде ғана Өңдеуі тиіс. Нестле Жеке деректерді Өңдеу тәртібі туралы ақпаратты Жеке тұлғаларға «айқын» түрде жеткізуі тиіс.

- **Жеке деректерді тиісті басқару.** Жеке деректер қатаң түрде берілген мақсат үшін қажетті уақыт ішінде немесе заңнамамен рұқсат етілген уақыт кезеңінде сақталатын болады. Нестле сақталатын Жеке деректердің дәлдігі мен өзектілігін қамтамасыз ету үшін және Жеке деректердің өмірлік циклін тиісті басқару үшін жүйелі шаралар қабылдауы қажет.

- **Жеке тұлғалардың құқықтары.** Нестле Жеке тұлғалардың Жеке деректеріне қатысты құқықтарын құрметтеуі тиіс, соның ішінде Жеке деректерге кірулерін, сондай-ақ оларды түзету немесе жою мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі тиіс. Жеке тұлғалардың өздерінің Жеке деректерінің Нестле компаниясында Өңделуіне қатысты наразылық білдіру мүмкіндігі болуы тиіс.
- **Жеке деректердің қауіпсіздігі.** Нестле Жеке деректерді рұқсатсыз Өңдеуден, заңсыз немесе кездейсоқ жояудан немесе жоғалудан, өзгертуден немесе дұрыс пайдаланбаудан қорғау бойынша адекватты техникалық және ұйымдастырушылық шараларды іске асырып, оларды сақтауы тиіс.

Нестле компаниясының құпиялылығын қамтамасыз ету бағдарламасы

Осы Құпиялылық саясаты Нестле компаниясының Жеке деректермен жұмыс жасау жөніндегі бүкіл бағдарламасының шеңберінде, соның ішінде:

- **Нестле компаниясының жеке деректері мен ілеспе құжаттамаларды қорғау стандарты шеңберінде қолданылады,** бұл құжатта жеке деректерді қорғау жөніндегі жаһандық стандарттар мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерді қолдану нұсқаулығы егжей-тегжейлі баяндалған; сондай-ақ
- Нарықтар мен бизнестер деңгейінде жеке деректерді қорғау бойынша жетекші қызметкерлерге қолдау көрсету кезінде жеке деректерді қорғау жөніндегі Нестле бөлімшесінің жеке деректермен жұмысын **ұйымдастыру.** Жеке деректерді қорғау жөніндегі жетекші қызметкерлер – жеке деректермен жұмыс жасау мәселелері жөніндегі байланыс жасайтын бірінші тұлғалар, олар Нестле компаниясының Жеке ақпаратпен жұмыс жасау бағдарламасын үйлестіру және оны сақтау үшін жауапты болады. Осы құрылым мен оны басқаруға қатысты анағұрлым толық мәлімет Нестле компаниясының Жеке деректерді қорғау жөніндегі стандартында келтірілген.

Анықтамалар

Бас әріппен жазылған сөздердің төменде келтірілген өздеріне тән мағыналары бар:

Жеке тұлға Жеке деректері бар сәйкестендірілген (кейбір заңдарда «деректер субъектісі» тұжырымдамасы пайдаланылады); немесе сәйкестендірілуге тиісті тұлға дегенді білдіреді

Жеке деректер – Жеке тұлғаға қатысты ақпарат (мысалы, аты, мекенжайы, телефон нөмірі, сәйкестендіру нөмірі, электрондық пошта адресі, туған күні және т. б.);

Өңделеді, Өңдеу немесе Өңделетін Жеке деректерді өңдеуді талап ететін кез келген қызметті, соның ішінде кіруді қамтамасыз ету, жинау, сақтау, беру, пайдалану, ашып көрсету, ұстап қалу, өзгерту, құрту, жою және Жеке деректермен байланысты кез келген басқа әрекеттерді (мысалы, пассивтік сақтау немесе Жеке деректер бойынша қарапайым кеңес) білдіреді;

Құпия Жеке деректер – нәсілдік немесе этностық текке жататын, саяси көзқарастарға, діни немесе философиялық нанымдарға, сауда одақтарына мүшелікке жататын Жеке деректер, генетикалық немесе биометрикалық деректер, физикалық немесе ментальділік денсаулыққа немесе сексуалдық өмірге немесе Жеке тұлғаның сексуалдық бағытына, заңнаманың қандай да бір бұзушылықтарын жасауға немесе болжалды түрде жасауға қатысты, кез келген ілеспе сот істері мен олардың нәтижелеріне қатысты деректер.

Талаптардың сақталуы және қолдау көрсету

Осы Саясатты сақтау заң бөліміңізде, Нестле компаниясының ішкі аудитында және/немесе Нестле компаниясының деректерді қорғау жөніндегі бөлімшесінде бақыланып, тексерілуі мүмкін (dataprotectionoffice@Нестле.com).

Сіздің заң бөліміңіз бен бөлімшеңіз осы Саясатта баяндалған мәселелер бойынша кеңес беріп, көмек көрсетуге әрдайым дайын.

Нестле компаниясының құпиялылық саясаты